

**ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰСТАЗДЫҢ ҰЖЫМЫ
(қарашаңырағымыздың 95 жылдығына)**

Жүніс Майра Әбибуллақызы

*ф.ғ.к., профессор Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті*

ҚР Алматы қаласы

эл.почта: zhmaira_71@mail.ru

Аңдатпа: Автор Қазақстан Республикасындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 2023 жылы 95 жылдығын атап өтуіне байланысты имидждік мақала жариялауды мақсат ете отырып, қазіргі ұлттық тіл мен әдебиеттің салалары мен мамандықтың негізі болып отырған ғылыми-педагогикалық ұжымның тарихын жан-жақты ашуға, ғылыми ортаға таныстыруды көздеген. Мақалада аталған ұжымның қазіргі оқыту жүйесінде алатын орны мен ғылыми теориялық тұрғыдан кәсіби маман даярлаудың үлгі-өнегесі деп, ұжым тарихын үш кезеңге бөліп, әр кезеңге тән жетістіктерді көретеді.

Кілт сөздер: университеттің кафедрасы, ұлт ұстазы, ҚР ЖОО-ның қарашаңырағы, мамандық, кәсіби біліктілік.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (әрі қарай-Абай ат. ҚазҰПУ) Академик Серік Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша кәсіби маман дайындау ісін **1928 жылдан** бастап жүзеге асырып келеді [1].

Қара шаңырағымыздың тарихи жолы қазіргі түркі елдерінің бірі – Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент (орта ғасырдағы атауы - Шаш) қаласында «Оқу-ағарту орталығы» болып іргетасы қаланып, кейіннен Алматыға көшірілген еді.

95 жылдық бай тарихы бар кафедрада қазақтың ұлтын ұлықтаған ақын-жазушылары Сәкен Сейфуллин, Саттар Ерубаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Хамза Есенжанов, Телжан Шонанұлы, Ісмет Кеңесбаев, Ахмеди Ысқақов сынды ұлы тұлғалармен қатар қазақ тіл білімінің қабырғалы қайраткерлері Е. Исмайылов, М. Қаратаев, Б. Шалабаев, Ә. Есмәмбетов, Д.Әбілов, Қ.Жармағанбетов, Т.Нұртазин, М.Хасенов, Ш.Кәрібаев, А.Тоқпанов, Т.Әбдірахманов, М.Сәрсекеев, Х. Әдібаев, Р.Рүстембекова, М. Мырзахметов, М. Мағауин, С. Мақпырұлы, Н. Келімбетов, Ө. Тыныбаева, Т. Сыдықов, Ғ. Қалиев, М. Жолдыбаев, Ө. Тұрманжанов, Д.

Әлімжанов, А. Абылақов, Н. Оралбаева, Қ. Қасабекова және т.б. қызмет атқарып, республиканың білім мен ғылым саласында білікті мамандар даярлауға өлшеусіз үлес қосты. Олардың ерен еңбектері нәтижесінде филология факультетінде білім алған *түлектердің ішінен көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлері, атақты ақын-жазушылар, әдебиеттанушы, тілші ғалымдар* шықты.

Кафедраның негізін қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеті саласында еңбек еткен ірі тұлғалар, көрнекті ғалымдар қалады. Кафедра тарихын **үш кезеңге** бөлуге болады:

I. Алаш кезеңі

Университет ашылған 1928 жылы Лингвистикалық-психологиялық бөлім болып құрылған ұйымды **1928-1929 жж.** қазақтың рухани көсемі, Ұлт Ұстазы **Ақымет Байтұрсынұлы** басқарған. Алғашқы күннен бастап-ақ отандық білім беру жүйесінде қызмет ететін филолог-педагог мамандарды даярлау ісі қолға алынды. Бұл кезең қазақ лингвистикасы мен әдебиеттану ғылымдарының іргетасы қаланған, оны білім беру жүйесіне ендіру, жас ұрпаққа бастауыш және орталау мектептерде ана тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелері ғылыми негізделген жылдар болды. Сонымен қатар жоғары білім жүйесінде ұлт кадрларын даярлаудың ғылыми-әдістемелік мәселелері алғаш рет жүйелі түрде зерттеле бастады. Сонымен қатар осы жылдарда қазақ жазуын реформалауға басымдылық берілді.

1932-1937 жж. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасын қазақтың біртуар ұлы, қазақ лингвистикасы бойынша тәуңғыш профессор Құдайберген Жұбанов басқарды. Ел басына күн туған нәубет жылдардың ауыр сындарына, әділетсіз қуғын-сүргін жылдардың ауырпалығына иықтарын тоса жүріп, ұлт зиялылары, педагог-ғалымдар мен ұстаздар қабілетті, зерек те зерделі ұрпақ тәрбиелеуге бар күш-жігерлерін аямай жұмсады.

Осы салада еңбек еткен аса көрнекті ғалымдар әр саланың ғылыми-теориялық негізін қалаушы маман ретінде еліміздің білім мен оқу жүйесінде, ғылымы мен әртүрлі ілім салаларын дамытуға елеулі үлес қосты. Осы жылдары тіл мен әдебиетті үйрететін мектеп мұғалімдерін даярлау ісі мен лекция курстары арқылы жүйелі сабақ беру, қазақ лингвистикасы мен ғылыми терминологиясын қалыптастыру, бірегейлендіру, латын жазуына көшу мәселелері қолға алынды. Профессор Қ.Жұбанов бастаған ұжым фонетика (буын, үндестік заңы, дыбыс құрылысы), морфология (көмекші және күрделі етістіктердің жасалуын, сөз құрылымы, өлі түбір және өлі қосымша), синтаксис (қазақ сөйлеміндегі орын тәртібі, сөйлем түрлері, сөйлем мүшелері) емле, термин мәселелері, қазақ әдебиетінің классигі Абай жөніндегі ғылыми еңбектері аталған салалардың дамуына зор ықпал етті. Қ.Жұбановтың 1936 жылы қазақ орта мектебінің 5-сыныбына арналған «Қазақ тілінің грамматикасы», 1-бөлім, «Жалпы морфология» оқулығы кейінгі көптеген авторларға үлгі болды. Онда автор сөздерінің құрылымын, дыбыстық құрылыстарын терең зерделеді.

Сонымен қатар, бұл кезеңде орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында алғашқы зерттеулер жарияланды. Орыс тілді мектептерге арналған «Қазақ тілі» оқулықтары, әдістемелік нұсқаулықтар жазылды. Нәтижесінде кафедрада ғана емес, республикада олардың ғылыми мектептері қалыптасты [2].

II Кеңестік кезең: социалистік идеология басым кезең

1937 жылы қазақ тілі мен қазақ әдебиеті кафедралары өз алдына жеке кафедра болып бөлінді. Қазақ тілі кафедрасын **1937-1941жж., 1943-1958жж.** ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы **Сәрсен Аманжолов** басқарды. Бұл жылдарды кафедраның ғылыми салаларды жетілдіру бойынша классикалық тарихы деп атауға болады. Осы кезеңде қазақ тіл білімінің салалары кеңейтіле зерттелді. Тілдің тарихы

мен диалектология мәселелерін зерделеу қолға алынды. Жергілікті тіл ерекшеліктері мен қазақтың ру-тайпа тілдері мәселелері, қарастырылды.

С. Аманжолов қазақ тілінің грамматикалық құрылысын зерттеуде, мектеппен жоғарғы оқу орны үшін бағдарлама, оқулықтар жазуда, ғылыми кадрлар даярлауда көп еңбек сіңірді. Ол *қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясы, орысша-қазақша сөздіктер, терминология, грамматика, морфология* мәселелерінің ғылыми жүйеге келуіне тікелей ат салысты. Әсіресе, *синтаксис теориясына* ерекше көңіл бөлді. Сөз таптарының сөйлем мүшесі болу шарттары, сөйлемнің құрамы мен дәнекерлері, интонация, оқшау сөздер, шақ және жаққа қатысты *синтаксистік категориялар, құрмалас сөйлем, үйірлі мүше* жайында кезінде тың қорытындылар жасады. Оның 1940 жылы шыққан «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы» атты еңбегі 1950 жылдың басына дейін студенттердің бірден-бірі оқу құралы болды. С. Аманжолов 1937-1938 жылдары тілдегі диалектілік ерекшеліктерді жинап зерттеуді ұйымдастырып, диалектілердің сипаты, айырым белгілері, тайпалық тілдермен байланысы, ұлттық *әдеби тілге* қатысы сияқты күрделі мәселелер туралы ғылыми тұжырымдар жасады. Диалектілерге халық, тіл тарихы тұрғысынан қарап, олардың әлеуметтік сипатын ашты. Оның «Вопросы диалектологии и истории казакского языка» (1959) монография тек қазақ тіл білімінде ғана емес, түркология қоғамдық ғылымдар саласында елеулі табыс ретінде бағаланады.

Негізі А.Байтұрсынұлы еңбектерінен басталатын **мектеп оқулықтарын жасауды** осы кафедрада алдымен С. Аманжолов қолға алды. Ол 1931 жылы бастауыш мектептің 3-сыныбына арналған оқу кітабын, 1932 жылы 4 сынып үшін «Қазақ тілі грамматикасын», 1933 жылы 6-7 сыныптар үшін «Қазақ тілі грамматикасы», 1938 жылы «Қазақ тілі грамматикасы, I бөлім, фонетика, морфология» оқулығын, 1939 жылы осы оқулықтың синтаксис бөлімін шығарды. Соңғы оқулық 6-8-сыныптардың оқулығы

ретінде А. Абылақов, И.Ұйықбаевтың қосымша авторлығымен күні бүгінге дейін пайдаланып келеді. 1930 жылдарда, қазақ, орыс мектептеріне арнап сол кезде істеген Т. Шонанұлы, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, Ғ. Бегалиев, М. Балақаев қазақ тілінің бірнеше оқулығын шығарды. Қ. Жұбанов пен С. Аманжолов дәстүрін кейін ҚазПИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің бір кездегі түлектері әрі қарай жалғастырды. Олар өздері зерттеген қазақ тіл білімі салаларын теориялық жағынан тереңдеп, үлкен ғылыми дәрежеге кетерді. Мәселен, ҚР ҰҒА корреспондент- мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор А. Ысқақов *қазақ тілі морфологиясының* теориялық негіздерін жасауда, түркологияда бірінші рет *қазақ тілі түсіндірме сөздігінің 10 томын*. «Абай тілі сөздігін» шығаруға айырықша еңбек сіңірді. ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессоры М. Балақаев *сөз тіркесі синтаксисін* жеке сала етіп қалыптастыруда, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Ғ. Мұсабаев *қазақ тілі лексикологиясын* зерттеп бір жүйеге келтіруде, филология ғылымының докторы, профессор Т. Қордабаев *құрмалас сөйлемнің зерттелуін* жетілдірді, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Р. Сыздықова *қазақ әдеби тілінің* ғылыми мәртебесін анықтап, тарихи кезеңдерін саралап зерттеуде нәтижелі еңбек етті. *Қазақ тілін оқыту әдістемесінің* негізін қалаған алғашқы еңбектер осы кафедрада пайда болды. Олардың қатарына С. Жиенбаевтың «Қазақ тілінің методикасы» (1941), Ш.Х.Сарыбаевтың «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту методикасы» (1944), «Қазақ тілін оқыту методикасының кейбір мәселелері» (1955), «III сынып мұғалімдері үшін методикалық жетекші құрал» (1955), Ғ. Бегалиевтың «Бастауыш мектепте қазақ тілінің методикасы» (1940), «Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасы мәселелері» (1950).

II Кеңестік кезең: социалистік идеология мен ұлттық ғылымның сабақтастықта даму кезеңі

Бұл кезеңде қазақ тілі кафедрасын қазақтың көрнекті ғалымдары Дәулетияр Әлімжанов (1961-1971жж.), Ғабдолла Қалиев (1958-1961жж., 1972-1973жж.), Жамал Болатов (1977-1978жж.), Фатима Мұсабекова (1979-1988жж.), Сейілбек Исаев (1988-1989жж.) басқарды.

Кафедра мамандары жүргізген салалық зерттеулер мен болашақ педагог мамандарды даярлауда ұлттық қағидалардың негізге алынуымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмыстарының бағыттары сараланып, дербестене бастады. Д. Әлімжанов, Ы. Мамановтың «Қазақ тілін оқыту методикасы» (1965); Д. Әлімжановтың «Қазақ тілі морфологиясын оқыту әдістемесінің мәселелері» (1972), А. Абылақовтың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» (лекциялар жинағы, 1994) сияқты еңбектер жарияланды. Филология ғылымының докторы, профессор Ф.М. Мұсабекова қазақ тілінің стилистикасы мәселелерін зерттеп, «Зат есімдердің стилистикасы» (1976), «Қазақ тілі стилистикасының мәселелері» (1979), «Қазақ тілінің практикалық стилистикасы» (1982) және т.б. еңбектер жазды. Филология ғылымының докторы, профессор Н.Оралбаева қазақ жазуының тарихын және етістіктің аналитикалық тұлғаларын зерттеп, «Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері» (1968), «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалы форманттары» (1975), «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы» (1979) сияқты еңбектер жазды.

Филология ғылымының докторы, профессор Ғ. Қалиұлы қазақ говорларының құрылымын зерттеп, «Қазақ говорларының жүйесін зерттеу мәселелері» (1977), «Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру» (1985) деп аталатын монографиялық еңбектерін жазды. Сонымен бірге ол ҚР ҰҒА Тіл институты шығарған «Қазақ диалектологиялық сөздігін» (1969, 1996) жасаушылардың бірі. Доцент А. Әбілқаев қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері, төл сөз мәселелерін зерттеп, «Қазақ тіліндегі төл сөз» (1956), «Де» етістігінің мағынасы мен қызметі» (1958), «Қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері» (1963) деп аталатын еңбектерін жазды. Доцент К.Ә. Бейсенбаева

«Орыс және қазақ тілдерінің грамматикасы» (1967), «Қазақ тілінің фонетикасы» (1973), «Қазақ тіліндегі қосымшасыз есім тіркестері» (1974); доцент Ш.К. Бәйткіова «Қазақ тіліндегі неологизмдер» (1971) Ф. Оразбаева «Қазақ тілі сын есімдер синонимі» (1988), сияқты еңбектер жазды.

III Тәуелсіздік кезеңі

Бұл кезеңде қазақ тілі кафедрасын көрнекті ғалымдар: филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбаева (1989-1997жж.), ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Фаузия Оразбаева (1997-2014 жж.) басқарды, педагогика ғылымдарының докторы Жанат Дәулетбекова (2014-2018 жж.), филология ғылымдарының докторы, профессор Қалбике Есенова (2019-2020 жж.), ал 2020 жылдан таңда филология ғылымдарының докторы, доцент Нағима Ильясова басшылық етіп келеді.

Бұл кезеңдегі кафедраның жұмыс бағыттары тәуелсіз елдің ұлттық ғылым мен білім беру жүйесіндегі реформалардың жасалуымен және соған сай жоғары білім беру жүйесінің жанаруымен ерекшеленді. Кафедра ұжымы республикада тілді оқыту саласы бойынша көшбасшы ұжымға айналды. Ғалым-ұстаздардың жүргізген зерттеу жұмыстары нәтижесінде кафедра қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеті ғылымының қара шаңырағы ретінде қалыптасты.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазіргі кездегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалім кадрларын даярлаумен бірге, ұлттық ғылым мен білім саласында қалыптасқан озық дәстүрлер мен өркениетті елдердің инновациялық тәжірибелерін тоғыстырған жаңа зерттеулердің дамуымен сипатталады. бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен және мектепке, жоғары оқу орындарына арнап, оқулық, оқу құралдарын шығарумен үздіксіз шұғылданды. 1991 жылдан қазақ тілі кафедрасы жоғарғы оқу орындарына арнап бірқатар бағдарлама және оқулықтар шығарылды. Республика көлемінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының Типтік оқу

жоспарлары даярланып, білім беру бағдарламаларының негізгі пәндері белгіленеді. 2004 жылдан ҚР барлық ЖОО-ы кредиттік оқыту жүйесімен білім беруге көшті. Кафедра ұжымы аталған мамандықтың міндетті базалық пәндері мен элективті пәндерінің мазмұнын жасау ісімен, мектепке маман даярлаумен, мектеп оқулықтарының мазмұнын жасауда ірі ғылыми-әдістемелік орталыққа айналып отыр.

Бүгінгі таңда кафедра ұжымы аға буын негізін қалаған ғылыми, оқу-әдістемелік жұмыстарды абыроймен жалғастырып келеді. Қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасы ұжымы жоғары және жоғары білімнен кейінгі бағыттар бойынша төмендегідей мамандықтар бойынша ұлттық кадрлар дайындаумен айналысып отыр:

- Бакалавриат «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»;
- Бакалавриат «6B01716 – Қазақ тілі мен әдебиеті, қыпшақтану»;
- Магистратура «7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»;
- Докторантура «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»;
- Бакалавриат «6B02207 – Түркітану»;
- Магистратура «7M02207 – Түркітану»;
- Бакалавриат «6B02301 – Филология»;
- Магистратура «7M02301 – Филология»;
- Докторантура «8D02301 – Филология»;
- Докторантура «8D02401 – Лингвистика»;
- Докторантура «8D02501 – Әдебиеттану».

Қазіргі кезде кафедра құрамында 12 ғылым докторы, 15 ғылым кандидаты, 6 PhD, 9 магистр, 2 аға оқытушы еңбек етеді. Олардың қатарында: ҚР ҰҒА Академигі, п.ғ.д., профессор Б.Сманов, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, п.ғ.д., профессор, Ф.Оразбаева; ф.ғ.д., профессорлар: Б.Әбдіғазизұлы, С.Асылбекұлы, Б.Қасым, Г.Қосымова, Қ.Есенова, Қ.Қалыбаева, Н.Ильясова, А.Таңжарықова; п.ғ.д., профессорлар: Ж.Балтабаева, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, ф.ғ.к., профессорлар:

А.Қобыланова, М.Жүніс; ф.ғ.к., қауымд. профессорлар: С.Жиренов, Ж.Сейсенбаева, С.Нұрғали, ф.ғ.к., доценттер Е.Молдасанов, Г.Раева, ф.ғ.к. қауымдастырылған профессор м.а.: Е.Қасенов, М.Әлібаева, З.Османова, Ж.Қоқанова, Д.Сатмирова, А.Ибраева; п.ғ.к., доценттер: Б.Қабатай, Р.Бораш, п.ғ.к., доцент м.а. А.Рауандина, А.Тамаев; PhD докторлар Ж.Беласарова М.Иманқұлова, Г.Дюсембина, Г.Каримова, А.Найманбаев, Қ.Балабекова; аға оқытушылар: Р.Бақбергенова, Қ.Сейталиева, магистр, аға оқытушылар: С.Сыздықов, Ж.Аширов, Г.Текесбаева, А.Юсуп, Г.Нүптекеева, Қ.Абиыр, Ш.Құттыбаев, Ж.Иманқұлова, Ұ.Тайжановтар болашақ мамандарға заманауи талаптарға сай білім беруде.

Кафедра ұжымында «Хакім Абай» орталығының ғылыми қызметкерлері: белгілі Абайтанушы абыз профессор Мекемтас Мырзахметұлының шәкірттері университет бойынша барлық мамандықтарда қазақ және орыс бөлімдерінде «Абайтанудан» дәрістер береді.

Кафедрада зерттеу жұмысы үш бағытта жүргізіледі: **ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік, оқу-тәрбиелік.**

Кафедрада негізін Ахмет Байтұрсынұлы қалаған, қазіргі таңда кемелденіп, қалыптасқан ғылыми мектептің зерттеу бағыттарын: *қазақ тілі білімінің даму тарихы, теориясы және қазақ тілін оқыту әдістемесі; түркітану* деп шартты түрде төртке бөлуге болады.

Кафедра оқытушы-профессорлары еңбектерінің басым бағыттары: қазіргі қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесінің салалары; түркітану, шумерология, қыпшақтану және қашқаритану және т.б.

Отандық білім беру тарихында алғаш рет Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, А.Рауандина, А.Юсуптың авторлығымен Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ тілін деңгейлеп оқытудың Тұжырымдамасы. Білім стандарттары мен оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 1-11-сыныптарына арналған *67 аталымнан*

тұратын кешенді оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар: Оқулықтар, Жазу дәптерлері; Мұғалім кітабы; Лексикалық минимум; Дидактикалық материалдар жарық көрді.

Кафедра оқытушылары: Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, Р.Рахметова, А.Рауандина, Ж.Балтабаева, Г.Раева, Г.Қосымова, Н.Ильясова және т.б. жалпы білім беретін орта мектептерге арналған Жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша 2-11-сыныптарға арналған кешенді оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы болып отыр [3].

Соңғы үш жылдан бері кафедра мамандықтары бойынша екі ғылыми кеңес жұмыс істеп, кафедра профессор-оқытушыларының ғылыми әлеуетін көтеруге қызмет етіп жатыр.

Антропоэзектік парадигмаға сай қазақ линвистикасы мен педагогика, оның ішінде тілді оқыту саласындағы жаңа бағыттардың дамуына да кафедра оқытушылары үзбей атсалысып келеді. Бұл орайда, профессорлар **Ф.Оразбаеваның** тілдік қатынас теориясы мен отандық үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ тілін мемлекеттік тіл, ана тілі ретінде оқытудың концептуалдық мәселелері; **Б.Қасымның** қазақ тілінің сөзжасам, морфология, семиасиология, когнитивті лингвистика, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, аталым және уәждеметану теориясы; **Ж. Балтабаеваның** қазақ тілінің морфологиясы, қазақ тілінің сөзжасамы, когнитивтік лингвистика және Тіл дамыту: теориясы мен әдістемесі, қазақ тілін оқыту әдістемесі; **Г.Қосымованың** шумерология және түркітаным мәселелері, қазақ тілінің тарихы, тарихи лексикология, тарихи грамматика, шешендік өнер, мәтін және дискурс теориясы, қазақ тілін оқыту әдістемесі; **Ж.Дәулетбекованың** Қазақ тілін оқыту үдерісінде оқу мотивтерін қалыптастыру; тілді нәтижеге бағдарлай оқыту; техникалық жоғары оқу орындарында, қашықтықтан оқыту жүйесінде мемлекеттік тілді коммуникативтік бағытта меңгерту; **Қ.Есенованың** прагмалингвистика, медиалингвистика, саяси дискурс, дискурс теориясы, публицистикалық

стильдің ғылыми-теориялық негізін жаңа бағытта таныту; **Р.Рахметованың** Қазақ тілінің синтаксисін оқыту әдістемесі, қазақ тілін коммуникативтік-танымдық аспектіде оқыту, оқыту қазақ тілінде емес жалпы білім беретін мектептерде мемлекеттік тілді оқытудың жаңа бағыттары; **Н.Ильясованың** тілдік бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні, сөз тіркесі синтаксисі, жалпы білім беретін мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі; **А.Рауандинаның** оқу орыс тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептерге арналған қазақ тілінің тұжырымдамасын, білім стандарттарын, оқу бағдарламалары мен жаңа буын оқулықтарын жасау; функционалдық сауаттылық; **А.Қобланованың** сөз этикеті, қазақ тілінің онтологиялық негіздері; **М.Жүністің** лингвомедиевистика, лингвотерминология; **С.Жиреновтың** мифолингвистика, статоллингвистика, лексикология; **Е.Касеновтің** қазақ тілінің стилистикасы, тіл прагматикасы және т.б. оқытушылардың жаңа бағыттағы зерттеулері отандық ғылымның дамуына маңызды орын алып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тарих, тағылым. (университеттің тарихы туралы) университеттің бір нөмерлі газеті, 2015 ж. 2-б.
2. «Ана тілі» республикалық газеті, 2016 ж. 4-бет.
3. «Жетісу» облыстық газеті, 2018 ж. 3-бет.